

Магистратураның «Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы

Мақсаты: мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлерінде жұмысты тиімді орындауға қабілетті халықаралық қатынастар саласындағы практик-мамандардың мықты кадрлық ресурсын дайындау.

Бағдарламаның міндеттері:

- БҚШ бойынша кәсіби мемлекеттік аппараттың сипаттамаларына сәйкес келетін мемлекеттік қызметшілердің базалық құзыреттерін дамыту;
- халықаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру үшін мемлекеттік қызметшілердің саралаушы құзыреттерін қалыптастыру;
- БҰҰ құзыретінің моделіне сәйкес халықаралық қатынастар саласында мемлекеттік қызметшілердің негізгі құзыреттерін қалыптастыру.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Стратегиялық ойлау/жүйелік басқару – даму сценарийін, ықтимал салдарлар мен тәуекелдерді ескере отырып, өзінің мемлекеттік органының тұрақты дамуы үшін ұзақ мерзімді шешімдерді жоспарлайды, болжайды және қабылдайды; Өз мемлекеттік органының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін ең аз шығынмен және қысқа мерзімде дәйекті шешімдер қабылдау арқылы процестер мен ресурстарды (материалдық, қаржылық, адами және т.б.) тиімді басқара алады.

Көшбасшылық – қызметкерлерді мемлекеттік органның мақсаттарына тиімді қол жеткізуге, оның ішінде өз мысалында шабыттандырады және бағыттайды.

Өзін – өзі дамытуға мотивация – өз бетімен тұрақты жұмыс істеуге, жеке тиімділікті арттыру үшін жаңа білім, білік пен дағдыларды алуға және қолдануға жоғары мотивацияға ие.

Талдау және шешімдер қабылдау – сандық, вербалды және басқа ақпаратты талдайды, жеке міндетті немесе проблеманы барлық өзара байланысты ескере отырып, жалпы процестің бір бөлігі ретінде қарайды; кейіннен тиімді шешім қабылдай отырып, жағдайды (ақпаратты) жан-жақты талдай алады.

Инновативтілік және өзгерістерді басқару – жаңа идеяларды генерациялайды, бірегей шешімдерді табады, әрекеттердің бірнеше нұсқаларын ұсынады, қалыптасқан ұсыныстарға күмән келтіреді; өзгерістерді, оның ішінде қызметкерлерді дайындауда, оқытуда және қолдауда құрылымдалған тәсілді қолдану арқылы тиімді енгізеді.

Технологиялық хабардарлық – қазіргі заманғы технологиялар саласындағы оқиғалар мен үрдістер курсына болады; кәсіби қызметте қазіргі заманғы технологиялар құралдарын қолдана білу.

Толеранттылық/әраландықты құрметтеу – мәдени және діни әртүрлілік қағидаттарын құрметтейді; шетелдік ортаға тиісті түрде бейімделе алады.

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Ресми-іскерлік қазақ тілі	3
	Кәсіби коммуникациялар (ағылшын тілі)	2
	Дипломаттарға арналған француз тілі	2
	Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық қызметі	3
	Келіссөздер жүргізу процесі	3
	Әлемдік дипломатия	3

	Халықаралық құқық және көпжақты дипломатия	3	
	Халықаралық конфликтология	3	
	Мамандандырылған семинар: Дипломатиялық хаттама және этикет. Дипломатиялық құжаттама	1	
	<i>Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ)</i>	6	
	1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	29	
2	Кәсіби коммуникациялар және көпшілік алдында сөйлеу (ағылшын тілі)	2	
	Дипломатарға арналған француз тілі	2	
	Экономикалық дипломатия	3	
	ҚР және ТМД елдері: жаһандық және өңірлік үдерістер	3	
	Геосаясат және геостратегия: мегатрендтер мен жаһандық мәселелер	3	
	Сыртқы саяси талдау	3	
	Мамандандырылған семинар: Дипломатиялық хаттама және этикет. Дипломатиялық құжаттама	1	
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>	2	
	<i>Тағылымдама</i>	2	
	<i>МҒЗЖ</i>	5	
		2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ	26
		Теориялық оқудың барлығы	42
	МҒЗЖ:	13	
	• МҒЗЖ, магистрлік жобаны орындаумен қоса	11	
	• Тағылымдама	2	
	Қорытынды аттестациялау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)	12	
	Қосымша білім берудің барлығы	25	
	МІНДЕТТІ ИГЕРУГЕ ҚАЖЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ	67	